

Астық және оның ұқсатылған өнімдерін лицензиялар бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге жөнелту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің Өкімі 22 қыркүйек 1992 ж. N 274

1. Астық және оның ұқсатылған өнімдерін лицензиялар бойынша Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге жөнелту олардың сапасы жайында "Қазастықөнімі" концернінің Мемлекеттік астық инспекциясы берген сертификаттары болғанда ғана жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі астық және оның ұқсатылған өнімдерін аталған сертификаттарсыз тасымалдауға қабылдамайтын болсын.

Премьер-министр